

2024–2025 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 5 шілдедегі № 172 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 6-бабы, 2-тармағының, 8-3) тармақшасына сәйкес Батыс Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мыналар бекітілсін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2024 – 2025 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес 2024 – 2025 оқу жылына арналған орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы.

2. "Батыс Қазақстан облысының білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыдан туындайтын шаралардың қабылдануын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Батыс Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Төреғалиев

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы "05" шілдедегі №172
қаулысына 1-қосымша

2024 – 2025 оқу жылына арналған техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандық коды	Мамандық атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны) күндізгі оқыту нысаны	Оқу жылында бір маманды оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар, теңге
1	01120100	Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	75	465 484
2	01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	100	465 484
3	01140200	Музыкалық білім беру	25	465 484
4	01140300	Көркем еңбек	25	465 484

5	01140500	Дене тәрбиесі және спорт	100	465 484
6	01140600	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	75	465 484
7	01140700	Информатика	50	465 484
8	02120100	Интерьер дизайны	11	540 257
9	02120200	Киім дизайны	11	540 257
10	02140100	Сәндік қолданбалы және халықтық кәсіпшілік өнері (бейін бойынша)	11	540 257
11	02150100	Аспаптық орындау (аспап түрлері бойынша)	19	540 257
12	02150200	Музыка теориясы	1	540 257
13	02150400	Хорды дирижерлау	5	540 257
14	02150900	Әлеуметтік-мәдени қызмет (түрлері бойынша)	12	540 257
15	02151000	Халықтық көркем шығармашылығы (түрлері бойынша)	13	540 257
16	02210100	Исламтану	25	465 484
17	03220100	Кітапхана ісі	25	465 484
18	03220200	Басқаруды құжаттамалық қамтамасыз ету және мұрағаттану	25	465 484
19	04110100	Есеп және аудит	160	465 484
20	04120100	Банк және сақтандыру ісі	15	465 484
21	04130100	Менеджмент (салалар және қолдану аясы бойынша)	25	465 484
22	04140100	Маркетинг (салалар бойынша)	20	465 484
23	06120100	Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	125	499 665
24	06130100	Бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша)	150	499 665

25	07110500	Мұнай мен газды қайта өңдеу технологиясы	55	499 665
26	07130100	Электр жабдықтары (түрлері және салалары бойынша)	135	499 665
27	07130200	Электрмен қамтамасыз ету (салалар бойынша)	65	499 665
28	07130700	Электромеханикалық жабдықтарға техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану (түрлері және салалары бойынша)	50	499 665
29	07140500	Сандық техника (түрлері бойынша)	52	499 665
30	07140900	Радиотехника, электроника және телекоммуникациялар	100	499 665
31	07150300	Токарлық іс (түрлері бойынша)	25	499 665
32	07150500	Дәнекерлеу ісі (түрлері бойынша)	290	499 665
33	07151100	Машиналар мен жабдықтарды пайдалану және техникалық қызмет көрсету (өнеркәсіп салалары бойынша)	25	499 665
34	07161300	Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	120	499 665
35	07161600	Ауыл шаруашылығын механикаландыру	115	499 665
36	07230100	Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу	120	499 665
37	07240900	Мұнай және газ кен орындарын пайдалану	25	499 665
38	07310300	Жерге орналастыру	25	499 665
39	07310500	Ландшафтық дизайн	15	499 665

40	07320100	Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану	255	499 665
41	07320600	Жергілікті магистральдық және желілік құбырларды монтаждау	25	499 665
42	07320700	Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану	200	499 665
43	07321100	Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық объектілерінің инженерлік жүйелерін монтаждау және пайдалану	25	499 665
44	07321200	Газбен қамтамасыз ету жабдықтары мен жүйелерін құрастыру және пайдалану	50	499 665
45	07880100	Стандарттау, метрология және сертификаттау (салалар бойынша)	25	465 484
46	08110300	Жеміс-көкөніс шаруашылығы	15	499 665
47	08410100	Ветеринария	80	499 665
48	09120100	Емдеу ісі	75	499 665
49	09130100	Мейіргер ісі	125	499 665
50	09130200	Акушерлік іс	25	499 665
51	09140100	Лабораториялық диагностика	25	499 665
52	09160100	Фармация	50	499 665
53	09880100	Гигиена және эпидемиология	25	499 665
54	10120100	Шаштараз өнері	50	499 665
55	10130300	Тамақтандыруды ұйымдастыру	405	540 257
56	10320100	Өрт қауіпсіздігі	50	499 665
57	10410300	Автомобиль көлігінде		499 665

	тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	25	
Барлығы:		3 850	-

Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің
2024 жылғы "05" шілдедегі №172
қаулысына 2-қосымша

2024-2025 оқу жылына арналған орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы

№	Мамандық коды	Мамандық атауы	Мемлекеттік білім беру тапсырысының көлемі (орын саны) күндізгі оқыту нысаны	Оқу жылында бір маманды оқытуға жұмсалатын орташа шығыстар, теңге
1	01140100	Бастауыш білім беру педагогикасы мен әдістемесі	25	465 484
2	01140300	Негізгі орта білім берудегі тіл мен әдебиетті оқытудың педагогикасы мен әдістемесі	25	465 484
3	09130100	Мейіргер ісі	100	499 665
Барлығы:			150	-